

1

Н.Төрөқұловтың "Жамбыл мен Кенен" атты  
деректі очерні /122 маш.беті/ туралы

шікір.

Халық поэзиясының қос бейтерегіндей екі алыптың өмірі мен творчествосына арналған ғылыми деректі бұл очеркті мұқият оқып шықтым. Қолжазбаның сәтті, сәтсіз жақтарын енгізілеуден бұрын оның авторы туралы бір-екі сөз: филология ғылымдарының кандидаты Нысанбек Төрөқұлов жолдас ~~М.Д.~~Әуезов атындағы өдәбиет және өнер институтының Жамбылтану бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып істейді. Сондықтан оның бұл тақырыпты арнайы зерттеп, еркін игеруге мүмкіндігі мол. Автор, есіресе, Кенен творчествосын көптен зерттеп, ақынның таңдаулы шығармалар жинағын дайындап бастыруға да қатысқан еді, бұл орайда оны Кененнің ғылыми хатшысы деуге де болар еді...

Меңіл оқылатын бұл қолжазбаның танымдық сипаты мен мән-маңызы да ерекше. Мұнда "XX ғасырдың Гомері" атанған ұлы Жамбыл мен оның сүйікті ізбасары, өмісі, ақын, композитор Кенен Әзірбаевтің өмірі мен творчествосындағы қайталанбас өзіндік ерекшеліктері арнайы сөз болады. Мұны автордың осы орайда очерк түрінде енгізілеуі де орынды шыққан. Осындағы ғылыми зерттеу мен естелік, жолжазба және биографиялық сипаттардың өзара үндесіп, зарасымен жандасып тұруы да сондықтан, сөйтіп оның бері авторлық негізгі мақсатқа ойдағыдай қызмет етіп тұр.

Алайда бір үлкен кемшілік бар: ол мұндағы емелелік, стильдік және тыныс белгілерінен кеткен қателер, бұл бір есеппен, қолжазбаның бірінші данасының /бас жағынан басқасы/ қолға тигендігінен болды ма екен деген ойға қаламыз, қалай деген күнде де бұл

3

көмшілік жап-жақсы еңбектің көп жерлерін көмескі тарттырып тұр...

Еңбек негізгі үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда /Алатау асқарынан жыр асырған"/ Намбылдың жастық шағы мен есеу, ержету, ақындық бетінің қалыптасу жолдары еңгіме етіледі. Осы мақсатта оның Сүйінбай жастығынан бата алуы, еділдік пен шындықты ту етіп ұстаған батырарашылдығы, үстем тап мүддесін қорғаған ақындармен айтыстарында адамгершілік пен батырлықты үлгі ете жырлауы - Намбылдың революцияға дейінгі творчествосының бетін қарайтындағы біршама кең ашылған. Сондай-ақ автор Намбылдың Ұлы Октябрьден кейінгі творчестволық өрлеуін, елімен бірге қайта жасап, қайта түлеуін жап-жақты еңгімелеуге де көп зор салған. Осы мақсатта ол Намбылдың халшы, көрдемшілерінің, сыны, ақын-жазушылардың естелік, зерттеулерін орнымен тиімді пайдалана білген. Бұл тұста 1936 жылғы декада мен Москва қаласындағы өралуан кездесулер, "равдада" басылған Намбыл әлеңдері, 1937 жылғы Шота Руставели тойына бергендағы өр алуан материалдар, Намбылдың 75 жасқа толу мерекесі мен Ленин орданын алуы және оның Мемлекеттік сыйлыққа ие болуы негізгі мақсатқа орай тілге тиік етілген. Бұдан тыс Намбылдың Ұлы Отан соғысы тұсындағы жырларының тәрбиелік мәнін ашап еңгімелеудің өзі бір сала. Автор осының бәрін қарапайым тілмен тартымды баяндап берген. Дегенмен тіл демекші, кейде ара-тұра болса да стильдік шалағайлыққа да жол беріліп қалады. Айталық, 5-беттегі Кабай батырдың жорықтағы ерлігі мен жас сәби Намбылдың дүниеге келуін еңгімелейтін бір беттің өзінде көсемше тұлғалы етістіктің бес рет қайталануы /бара жатқан, бара жатады, келе жатып, келе жатқан, еңеле жатқан/ шығармаға ер беріп көркейтп тұрған жоқ. Тіпті автордың осы грамматикалық тұлғаны аяқталған ойды білдіретін, етістік тұрғысында

пайдалануу да көп жагдайда орансыз. Миселен, буган "Истекте, шүйлүшү, немерелі болдыңыз!- деп аттан домалай түскөн" /5-бет/, "... деп термелей көнөлгөн" /6-бет/ деп келетін сөйлөмдөр анык айгак. Осы тарауда машинеден кетти ме, жоқ өлде басқа себептерден болды ма, ол арасы бізге белгісіз, бір топ елеулі катерлер кетіп, қалғаны байқалады. Айталық, "Титлер сүм" деген сөз "Тител сүм" /27-бет/ болап, ал Соболев -Собелев, Георгадзе-Горгадзе, Немес Дейчланд-Немис Дейгланд; Штерн -Штерін - болып жаңсақ басылған. Немесе "Құлан аяқ" сөзі "құлан аяқ" деп, "Шыж көбелек - шыж көбек" болп, Чапаев -чапай" болып қате жазылған.

„Кенекен-элең, жырдың кені екен" атты екінші бөлім Кененнің өмірі мен творчествосының қыры мен сырларын ашуға арналған. Автордың мұндағы ой-топшылаулары тиянақты, ол ақын творчествосын еркін меңгеріп, дұрыс қорытындылар жасайды. Кененің өсу эволюциясы жалпы импровизаторлық дәстүр мәселесіне орай пайымдалып қарастырылады. Бұл орайда автордың Кенен бойындағы өншілік, композиторлық дарынға қоса ақындық қасиеттерін, жыршы, жараулық өнерін баяндауға айрықша назар аударғаны аңғарылады. Кененің ақындығына күдік келтіретіндерге автор оның "Шөпке барғанда" "Құдалар" "Жалғыз қаз" Кенебай-Кербез сұлу" дастандарындағы көркемдік пен ірі эпикалық сипатты қарама-қарсы қос отырып, өз ойын тымды пікірлерімен дәлелдей алған. Осы тұрғыдан қарағанда, Кененнің "Бұрынғы өткен батырлар" /Көкөтайдың асы"/ атты дастаны өзге шығармаларынан айрықша дараланатын шоқтығы биік туынды. Бұл Қырғыз әдебиетіндегі "Манас" дастанына көп ұқсас болса да, қазақ топтырағын туып, екі ел әдебиетінің туыстағын айқын дәлелдейтін тың шығарма. Бұл орайдағы Н.Төрөқұловтың түйген ойларымен келіспеу мүмкін емес.

Кененнің ірі импровизатор, эпик ақын екендігі оның Кенжеқоса, Есдәулетпен, Әсдәулетпен, Әбдіғалимен айтысы тағы басқа айтыстағы

суырпысалма <sup>Дарынның</sup> өнерлерінен кен дәлелденген. Әйтсе де автор кей жерде өзіне өзі қарсы шығып, қайшылыққа ұрынады. Айталық, Кененді бір жерді қойшылықтан Балуан Шолақ құтқарды десе /38-бет/ енді бірде оны Еркебай құтқарған еді дейді /алдыңғы беттерді қараның/. Сондай-ақ 46-беттен 48-бетке дейінгі бір түгел пікірлер осы бөлімге жамдаспай бөлек тәр. бұл беттерді де түгелдей алып тастау керек, не кейінгі тарауларға қосқан дұрыс. Стильдің міндер мен олқылықтары мынадай жолдардан байқалады. "Бер алысымыз - фермаға майданы" /43-бет/. "Балхаш маңындағы топтар еліне" /44 бет/. "Семьясы қайғылы душар болады" /45-б./, "Балуан Шолақ пен Кетісудің бозторғай үні қосып жірген жас әншісі" /46-б./, "Шашубай ең соңғы рет Москвада дидактастым" /50-б./, "Олардың жар-шертпелерін Кенен қазақтың қала жайып келеді" /53-бет/, Кеңіске елім сенеді /53-б./, "Халықтан санасыз алғыс парияға" /55-б./, "ақынның үні қалған кезі болған емес" /56-бет/ тәрізді болып жалғаса береді.

"Екі жырау достығы" атты үшінші бөлім этнографиялық, биографиялық сипаттарымен дараланады. Бұл тарауда Кененнің өмірінің соңғы кезеңдері, шығармаларының жұрт біле бермейтін кейінгі тәң үлгілері сөз болған. Ақын аузынан жазып алынған көптеген қызықты деректер оның шығармаларының туу тарихын, сан қала өмір кезеңдерін баяндайды. Мұның көбіне-көп естелік сияқты болып көрінеді де осыдан.

Сонымен қорыта келе айтармыз: Автор осы еңбегінде халық поэзиясының асқар ала таудай ені албының өмірі мен творчествосының қана бір қарларын алуға талаптанған, бұл орайда оның табыстары да аз емес. Қолжазбадағы біз атаған кейбір кемшіліктерді автор қайта қарап тұзәр деп ойлаймыз. Негізінен бұлар қолжазбаның жалпы құндылығына нұқсан келтіре алмайды. Сондықтан "Мамбыл және Кенен" атты бұл еңбекті басып шығаруға әбден болады деп санаймын.

*Мария*  
18/II 77 ж.

Мариянедов Мұқамедрақым,  
Филология Ғылымдарының кандидаты, Қаз.ССР ҒА,  
М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институ-  
тының әдебиет тарихи бөлімінің аға ғылыми  
қызметкері.

Бел

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ

қор	2175
тізбе	1
іс	100

Алматы қаласы

Нысанбек

Төрешұлов

М. Шарипқамедов.  
"Н. Төрешұловтың "Жалбыл мен  
Кемел" атты деректі очеркі туралы  
пікір".  
Мамытқаловтың нұсқа.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1974

Құжат саны \_\_\_\_\_

Парақ саны 4

қор	2175
тізбе	1
іс	100